

## Астық қолхаттарын берудің, айналымының және жоюдың ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 11 қазандағы N 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 31 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1664. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 112 (V053486) бұйрығымен.

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңын іске асыру республика экономикасының аграрлық секторына инвестиция тарту үшін баламалы қаржы тетігін құру, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру және сауда тетігін дамыту мақсатында **Бұйырамын** :

1. Астық қолхаттарын берудің, айналымының және жоюдың ережесі б е к і т і л с і н .
2. Стратегия және мемлекеттік реттеу департаменті (Тажмакин Д.Қ.):
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
  - 2) Астық департаментімен бірлесіп (Боранғазиев Б.Қ.) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық банкінің төрағасы

2001 жылғы 12 қазан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2001 жылғы 11 қазандағы

N 323 бұйрығымен бекітілген

## **Астық қолхаттарын берудің, айналымының және жоюдың ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Астық қолхаттарын берудің, айналымының және жоюдың осы Ережесі ( бұдан әрі - Ереже) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне , Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және өзге де нормативтік құқықтық актілерге және астық қолхаттарының берілуіне, айналысына және жойылуына байланысты

қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) астық қолхаты - астық иесінен астықтың сақтауға қабылданғанын растап, астық қабылдау кәсіпорны беретін қоймалық қос куәлік;

2) қойма куәлігі - оның иесінің астыққа иелік ету құқығын куәландыратын, астық қолхатының бір бөлігі;

3) кепіл куәлігі - оның иесінің астыққа иелік ету құқығын куәландыратын астық қолхатының бір бөлігі;

4) астық қолхатының иесі - меншік иесі және (немесе) астық қолхатының атаулы иесі ;

5) кепіл куәлігінің иесі - меншік иесі және (немесе) кепіл куәлігінің атаулы иесі ;

6) қойма куәлігінің иесі - меншік иесі немесе қойма куәлігінің атаулы иесі;

7) индоссамент - астық қолхаты немесе оның куәліктері бойынша құқықтардың басқа тұлғаға ауысуын куәландыратын табыстама қолхат;

8) индоссант - астық қолхаты немесе оның куәліктері бойынша талаптар мен міндеттерге құқық беретін тұлға;

9) индоссат - астық қолхаты немесе оның куәліктері бойынша талаптар мен міндеттерді қабылдаушы тұлға;

10) астық қолхаттарының тізілімі - астық қолхаттарын берудің және өтеудің есебін жүргізетін құжат ;

11) есептелген нақты салмақ - астықтың иесі мен астық қабылдау кәсіпорны арасында келісіммен анықталған нормаға келтірілген ылғалдылық пен арамшөп қоспалары бойынша астықтың нақты салмағы. Есептелген нақты салмақ тек қана астық қолхаттарын толтыру кезінде қолданылады.

3. Астық қолхаты және куәліктердің әрбірі өз алдына құжатталған, ордерлік бағалы қағаз болып табылады, олар жайында эмиссиялық бағалы қағаздардың құқықтық режимі таратылмайды.

4. Атаулы астық қолхаттарын ұстаудан және олардың бағалы қағаздар рыногындағы айналысынан туындайтын қатынастар, бағалы қағаздар рыногы туралы заңмен реттеледі.

## **2. Астық қолхаттары мен оның куәліктерін беру тәртібі**

5. Астық қабылдау кәсіпорны астықты сақтауға алған кезде мыналарды растайтын астықтың иесіне астық қолхатын беруге міндетті:

1) астыққа меншік құқығы ;

2) астық иесінің алғашқы талабы бойынша немесе келешекте белгілі бір уақытта қолхатта көрсетілген астықты беруге астық қабылдау кәсіпорнының сөзсіз міндеттілігі ;

3) оны кепілге берген жағдайда кепіл иесінің астыққа құқығы.

6. Астық қолхаты астық сақтауға қабылданған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан қабылданған астықтың жөнелтпе құжаты бойынша, сондай-ақ көтерме сатудан кепілдік куәлікті сатып алған жағдайда беріледі.

7. Астық қолхаты астықтың сапасы бойынша біркелкі беріледі. Берілетін астық қолхаттарының саны астық иесінің өтінімі бойынша анықталады.

8. Астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхатын астықтың иесі белгілеген мерзімде, бірақ астық сақтауға қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен к е ш і к т і р м е й б е р е д і .

9. Астық қабылдау кәсіпорындары өзінің иелігіндегі астыққа астық қолхаттарын жазып беруге құқылы. Мұндай жағдайда астық қолхатында астықты сақтауға берген заңды тұлға ретінде астық қабылдау кәсіпорны көрсетіледі.

10. Астық қолхаттары осы Ережелерге Қосымшаға сәйкес нысан бойынша хронологиялық тәртіппен жүргізетін астық қолхаттарының тізілімінде тіркеліп және астық иесінің қолы қойылып оған беріледі және мынадай деректерден т ұ р а д ы :

- 1) жазбаның кезекті нөмірі;
- 2) қабылданған астықтың жөнелтпе құжатының нөмірі;
- 3) А Ш М коды;
- 4) астық қолхаты бланкісінің сериясы мен нөмірі;
- 5) астық қолхатының берілген күні;
- 6) астық иесінің атауы (фамилиясы, аты, әкесінің аты);
- 7) астықты сақтау шартының нөмірі және күні;
- 8) дақылдардың түрі;
- 9) сыныбы;
- 10) өнім алынған жыл;
- 11) сорты;
- 12) репродукциясы;
- 13) егістік стандартының сыныбы;
- 14) есептелген нақты салмақ;
- 15) ылғалдылығы;
- 16) қоспалар (арамшөпті, дәнді);
- 17) дән маңызы;
- 18) дерттенуі;
- 19) жылтырлығы;
- 20) табиғи болмысы;
- 21) дейін сақтау мерзімі;
- 22) дейін сақтауға төленген;
- 23) ерекше белгілері;

- 24) алу кезіндегі астық иесінің қолы;  
25) астық қолхатын қайтару туралы АҚК жауапты қызметкерінің қолы;  
26) өтеу түрі;  
27) астық қолхатын өтеу күні;  
28) өтеуге жауапты тұлғаның қолы;  
29) кепіл шарттары туралы мәлімет (сомасы мен тауарға арналған кепілдік құқығын белгілеу мерзімдері).

11. Жаңа астық қолхаты және оның куәліктерінің әрбірін мынадай жағдайларда астық қабылдау кәсіпорны: индоссаментті көрсету үшін оларға бос орын болмағанда; олар табиғи тозған кезде; осы Ереженің 8-тарауының талаптарына сәйкес, олардан айрылғанда беруі мүмкін.

### **3. Астық қолхаты бойынша**

#### **құқықтардың қайта шегінімі**

#### **Табыстау жазбаларын жасаудың тәртібі**

12. Астық қолхаты және оның куәліктері бойынша қайта шегінім оларға сәйкес индоссаменттерді іске асыру жолымен жүзеге асырылады. Қойма және кепіл куәліктерін бірге немесе табыстама жазба бойынша жеке-жеке беруге болады. Қоймалық және кепілдік куәліктердің қайырма жақтарында белгіленген тәртіппен іске асырылған табыстама жазбалардың үздіксіз қатары астық қолхаты және оның куәліктері бойынша соңғы табыстама жазбада көрсетілген тұлғаларға құқықтардың ауысуының дәлелі болып табылады.

13. Егер кепіл куәлігі астық қолхатынан бөлінбеген жағдайда ол бойынша құқықтардың қайта шегінімі кезінде тараптар қойма куәлігінің қайырма бетіне ғана табыстама жазба жасайды. Бұл жағдайда кепіл куәлігінде табыстама жазбасын жасаудың қажеті жоқ.

14. Кепіл куәлігін беруші тұлға осы кепіл куәлігін бөлген астық қолхатының иесі болып табылады және кепіл куәлігі бойынша міндеттемеде бірінші борышкер болып табылады.

15. Астық қабылдау кәсіпорындарында сақтаудағы астықтың кепілі индоссаменттің кепілдік куәлігінде немесе кепіл туралы тиісті шарт жасаумен астық қолхатының кепілін іске асыру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Кепілдік куәлігінде индоссаментті іске асыру жолымен астық кепілі кезінде осы кепілдік куәлік қойма куәлігінен бөлінеді және индоссатқа беруге болады. Индоссат кепілдік куәлік бойынша құқықтарға иелік еткен күннен бастап үш календарлық күн ішінде, астық кепілі туралы, көрсетілген кепілдік куәлік берген астық қабылдау кәсіпорнын хабардар етеді.

Астық қолхатының иесі кепілдік куәлік қойма куәлігінен бөлінген кезде

кепілмен қамтамасыз етілген астыққа ақшалай талап туралы мәліметті кепілдік куәлігінде көрсетуге және сомасы мен тауарға белгіленген кепілдік құқық мерзімдері туралы астық қабылдау кәсіпорнына хабарлауға міндетті. Кепілдік куәліктің теріс жағында кепілдік куәлікті беруші және қабылдаушы тұлға индоссамент жасауға міндетті.

Ақшалай талап туралы көрсетілген мәлімет осы кепілдік куәлікке қарсы белгілі бір ақша сомасын сыйақысымен, егер ол белгіленсе төлеу міндеттемесі болып табылады. Кейіннен кепілдік куәлікпен кез келген мәміле, егер қойма куәлігі бөлінген кезде кепілдік куәлігінде кепілдік куәлік бойынша міндеттемелер туралы белгілер болмаса заңсыз болады.

Кейіннен осындай кепілдік куәліктің әрбір жаңа иесі кепілдік куәлікті қайта табыстау кезінде кепілдік куәлікті сатып алған күннен бастап үш күн мерзімде кепілдік куәлік бойынша олардың сатып алған құқықтары, сондай-ақ кепілдік куәліктің деректемелері туралы көрсетілген кепілдік куәлікті берген астық қабылдау кәсіпорнына жазбаша хабарлауға міндетті.

Астық қолхатының иесі астық кепілден босатылған жағдайда астық қабылдау кәсіпорындарында осы астық қолхатына айырбасқа астық немесе жаңа астық қолхатын алуға құқылы.

16. Қойма куәлігінен бөлінген кепіл куәлігін алған кезде, кепіл куәлігінің бірінші иесі кепілмен қамтамасыз етілген ақшалай талаптар туралы мәліметтерді қойма куәлігінде көрсетуге міндетті.

17. Егер кепіл куәлігінен бөлінген кезде қойма куәлігінде кепілмен қамтамасыз етілген астықтың ақшалай талаптары туралы мәлімет көрсетілмесе, қойма куәлігімен жасалған келесі кез келген мәміле заңсыз болады.

18. Осы Ереженің талаптарын бұзумен орындалған индоссамент астық қолхаты және оның куәліктері бойынша құқықтардың ауысуын дәлелдеуге қызмет ете алмайды.

#### **4. Астық қолхаты иесінің құқығы және олардың жауапкершілігі**

##### **19. Астық қолхатының иесі:**

астық қолхатында көрсетілген көлемдегі қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астыққа иелік етуге құқығы бар;

кепіл туралы мәліметтерден тұратын астық қолхатын иеленген кезде, кепіл шартында көзделген міндеттемелері толық орындалғанға дейін оны астық қабылдау кәсіпорнынан алмай-ақ астыққа иелік етуге құқылы;

табыстама жазбаны іске асыру жолымен астыққа меншік құқығын беруге және астық қолхатының өзін табыс етуге, бірақ астықты ауыстырмай жүзеге асыруға болады;

кепілмен қамтамасыз етілген астыққа талап ету мерзімі қанағаттандырмаған

жағдайда белгіленген заңдық актілер тәртібімен оған берілген астық қолхаты бойынша астықты сатуға және басқа несие беруші кепілдік берушінің алдында өзінің талабын батыл жабуға құқылы, ал түскен сома жеткіліксіз болғанда заңға сәйкес астық қолхаты бойынша құқық берілген барлық тұлғалардан алынбаған бөлігін өндіріп алуына болады;

сонымен ашық аукцион өткізу туралы сенімді тұлғаға тиісті тапсырма беріп кепілмен қамтамасыз етілген астықтың міндеттемесін орындау мерзімі өткен мезеттен бастап соттан тыс мәжбүрлік түрде кепіл заты болып табылатын астықты сатуды жүзеге асыруға құқылы.

20. Қойма куәлігіне иелік ету үшін кепіл куәлігі иесінің келісімі қажет емес.

21. Қойма куәлігінің иесі осы Ережелермен белгіленген талаптарға жауап беретін ұсынушыға (бұдан әрі - ұсынушыға аккредитив) қайтарып алынбайтын аккредитив ашуды растайтын жеке тұлғалардың (бұдан әрі - уәкілетті банкі) салымдарына (депозиттерін) кепілдік берудің ұжымдық жүйесіне қатысушы - екінші деңгейдегі банкінің тиісті құжатын астық қабылдау кәсіпорнына бергеннен кейін астық қабылдау кәсіпорнынан астық алуға құқылы. Егер кепілдік куәліктің иесі белгілі болса, ұсынушыға аккредитив ашу дерегі туралы астық қабылдау кәсіпорны бұл ретте ұсынушыға аккредитив ашқан уәкілетті банкінің деректемелерін хабарлап, тиісті кепілдік куәліктің иесін үш күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

Ұсынушыға арналған аккредитив осы Ережелердің мақсаты үшін құжатталған аккредитивті білдіреді, ол кепілдік куәліктің иесінің келісімінсіз өзгеруі немесе күшін жоюы мүмкін емес, ол ашылған кезде қойма куәлігінің иесі ұсынушыға арналған аккредитив бойынша төлем үшін осы ақшаны пайдалану шартымен өтеу үшін кепілдік куәлікті ұсынғанға дейінгі мерзімге арналған, кепілдік куәлікте көрсетілген ақшалай талап сомасындағы ақшаны аккредитив ашқан уәкілетті банкінің қарауына ұсынады.

Ұсынушыға арналған аккредитив бойынша төлем мұндай аккредитивтің орындалу шарттары сақталғанда, сондай-ақ кепілдік куәлігінің реквизиттері тиіс (астық қолхатының күні, сомасы, нөмірі, сериясы, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорнына - салық төлеушінің атауы мен тіркеу нөмірі, астық кепілімен қамтамасыз етілген ақша талабы).

22. Астық кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда кепілдік куәліктің иесі ол бойынша уәкілетті банкіде ұсынушыға арналған аккредитив ашып, өтеу үшін осы уәкілетті банкіге кепілдік куәлікті ұсынуға құқылы.

23. Астық кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді міндеттемелер бойынша төлемнің мерзімдері аяқталғанда борышкер орындамағанда кепілдік куәліктің иесі оны астық қабылдау кәсіпорнына береді.

Осы Ереженің 24-тармағына сәйкес ұсынушыға арналған аккредитив ашылған жағдайда өтем жүзеге асырылады;

кепілдік куәлік бойынша талаптарды өтеу, ұсынушыға арналған аккредитив болмағанда осы Ереженің 25-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

24. Кепілдік куәліктің иесі ұсынушыға арналған аккредитив ашқан уәкілетті банкіге кепілдік куәлікті көрсетуге міндетті. Уәкілетті банкі жоғарыда көрсетілген құжат және кепілдік куәлігінде жасалған табыстама жазбалардың жүйелі қатарын ресімдеудің толассыздығы мен дұрыстығын тексерудің, сондай-ақ кепілдік куәлік иесінің құқықтылық куәлігін алғанда, уәкілетті банкі кепілдік куәліктің иесінің банк шотына, ұсынушыға аккредитив бойынша сақтауға берілген ақшаны оның нұсқауына сәйкес аударады. Уәкілетті банкі аккредитив бойынша төлем жүргізгеннен кейін, уәкілетті банкі кепілдік куәліктің көшірмесін өзінде қалдырады да, оның түпнұсқасын уәкілетті банкі "Өтелді" деген белгімен астық қабылдау кәсіпорнына қайтарады.

25. Осы кепілдік куәлік бойынша ұсынушыға арналған аккредитив жоқ болғанда және кепілдік куәлікпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді борышкер орындамағанда, кепілдік куәліктің иесі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес берілген астықты көтере сатуды ұйымдастыру тапсырмасымен сенім берілген тұлғаға талап мерзімі өткенде баруға құқығы бар.

Бұл ретте, кепілдік куәліктің иесі осы талаптардың мерзімі өтпестен бұрын талаптардың орындалуы туралы астық қабылдау кәсіпорнына үндеуге құқылы. Мұндай үндеу кепілдік куәліктің талабы орындалмағанда рұқсат етіледі.

26. Егер кепілмен қамтамасыз етілген талап тиісті түрде орындалған жағдайда, кепіл куәлігінің ұстаушысы индоссанттың пайдасына тиісті тапсыру жазбасын кепіл куәлігінің өзіне жазып, кепіл куәлігін оның индоссантына беруге міндетті.

27. Қойма куәлігінің иесі астықты сақтау шартына сәйкес астық қабылдау кәсіпорнының алдында жауапты болады.

28. Жарамсыз боп қалған немесе бүлінген астық қолхаты айырбастауға жатады. Бұл ретте астық қабылдау кәсіпорны оны беру кезінде айырбасталатын астық қолхатына қатысқан астық қабылдау кәсіпорнының бұрынғы жазбаларымен жаңа астық қолхатын береді.

29. Бүлінген астық қолхаты осы ережелерге сәйкес айналыстан алынып тасталады және ауыстырылады. Көрсетілген тәртіппен айырбасталған астық қолхатын жою, астықты беру мерзімі аяқталғаннан кейін үш жылдан соң болады.

## **5. Индоссанттардың құқығы мен олардың жауапкершілігі**

30. Астық қолхатында және (немесе) оның куәліктерінде көрсетілген индоссанттар қолданыстағы заңдарға сәйкес бір-біріне кері талап қоюға құқылы.

31. Астық қолхатында және (немесе) оның қойма куәлігінде көрсетілген

индоссанттарына астықты беру туралы астық қабылдау кәсіпорнына ұсынылған талаптардың орындалмауы салдарынан қойма куәлігінің иесіне келтірілген шығындардың орнын толтыру туралы талап қойылуы мүмкін.

32. Индоссанттарға талаптарды ұсыну астықты беру туралы талаптарды астық қабылдау кәсіпорындары орындамаған міндеттемелері ұсынған кезде астық қабылдау кәсіпорындарына ұсынылған астық беру туралы талаптар орындалмаған жағдайда ғана мүмкін. Осы жауапкершілік астық қолхатын айналысқа шығару кезінде астық қабылдау кәсіпорнының жауапкершілігіне ұ қ с а с а н ы қ т а л а д ы .

33. Қойма куәлігінде көрсетілген барлық индоссанттар кепіл куәлігінің заңды иесінің алдында қолданыстағы заңдарға сәйкес ортақ жауапкершілікпен жауап б е р е д і .

34. Кепіл куәлігінде көрсетілген индоссанттардың жауапкершілігі осы куәліктің иесінің алдында және бірінің алдында бірі қолданыстағы заңдарға сәйкес бірге белгіленеді.

## **6. Астық қабылдау кәсіпорындарының құқықтары мен олардың жауапкершілігі**

35. Астық қабылдау кәсіпорны берілген астық қолхаттарының, сақтауға қабылданған астықтың сақталуы үшін, сондай-ақ астықты сақтау келісім-шарты бойынша міндеттердің тиісті орындалуы үшін жауапты болады.

36. Сақтаудағы астық табиғи шығындардың нормаларынан тыс шығын болған немесе бүлінген жағдайда, астық қабылдау кәсіпорны астық қолхатының және оның бөліктерінің алдында заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

37. Астық қабылдау кәсіпорнына сақтауға берілген және оның меншік құқығына тиісті емес астықты астық қабылдау кәсіпорнының міндеттемелері бойынша өндіріп алу мүмкін емес.

## **7. Астық қабылдау кәсіпорнынан астық қолхаты бойынша астық беру және астық қолхаттарын өтеу**

38. Астық қабылдау кәсіпорны астық қолхатының иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша астықты тиейді. Астық қолхатының иесі астық қабылдау кәсіпорнынан астық беру үшін астық қабылдау кәсіпорнының тұрған жеріне өкілдерін немесе уәкілетті тұлғаларды жіберуге немесе өзі келе алады.

39. Астық қолхатының иесі немесе оның уәкілетті тұлғасы сатылатын астықты ө л ш е у к е з і н д е қ а т ы с а а л а д ы .

40. Астық қолхатының иесі мен астық қабылдау кәсіпорны астықты беру кезінде астықтың мөлшері мен сапасына сәйкес бірге байқау жүргізуге құқылы. Шығындарды байқауды талап еткен немесе тәуелсіз сараптамалық бағалау жү р г і з г е н т ұ л ғ а ө т е й д і .

41. Астықты берген кезде оның жеткіліксіздігі немесе сапасының төмендегені



туралы өтініш жоқ болған кезде, астық тиісті мөлшерінде және сапасымен сақтау шартының шарттарына сәйкес астық қабылдау кәсіпорнына берілген болып е с е п т е л е д і .

42. Астық қабылдау кәсіпорны астық қолхатының иесіне астықты бергеннен кейін үш күн ішінде астық қолхаттарына өтеу жүргізуі тиіс. Астық қолхаттарын өтеу астық қолхаттарының тізіліміне өтеуге тиісті түрін енгізу арқылы өтелген күнін жазу мен "Өтелді" деген жазбасы бар мөртабан қондыру жолымен өндіріледі. Өтелген астық қолхаттарын астық қабылдау кәсіпорны олардың иелерімен бірге қолданудан алып тастайды және қайтадан айналысқа жіберілмейді. Өтелген астық қолхаттары астық қабылдау кәсіпорнында үш жыл сақталады, одан кейін жойылады.

43. Астық қабылдау кәсіпорны астықты тек қойма және кепіл куәліктерінде табыстама жазбалардың үздіксіз қатары сақталған жағдайда береді (егер қос куәлік бөлінбесе, немесе тек қана қоймалық). Соңғы табыстама жазба, астық қабылдау кәсіпорнына куәлікті ұсынған тұлғаның пайдасына жасалуы мүмкін. Астықты беруде астық қолхаты иесінің құқығы табыстама жазбаның үздіксіз қатарын сақтамаған жағдайда сот тәртібімен анықталады.

44. Астық қолхатының иесі астық қолхатында көрсетілген сақтау мерзімі біткенге дейін астықты бөліп-бөліп беруге талап етуге құқылы. Бұл ретте астық қабылдау кәсіпорны оған қалған астықтың көлемін сақтауға жаңа астық қолхатын беруге міндетті. Астықты бөліп-бөліп талап етуге байланысты жаңа астық қолхаттарын беру мезетінен бастап, ескі астық қолхаттары жойылады.

45. Астық қолхатының тізілімінде өтеу түрлерінің мынадай тұжырымдары қ а р а с т ы р ы л а д ы :

"беру" - астықты тиеу кезінде астық қолхатын астық қабылдау кәсіпорнына қ а й т а р ғ а н ж а ғ д а й д а ;

"сату" - кепіл куәлігі бойынша астықты өндіріп алу айналысы жағдайында;

"айырбас" - астық қолхаттары жарамсыз болып қалған немесе бүлінген ж а ғ д а й д а ;

"ауыстыру" - астық қолхатының иесі оны бірнеше астық қолхатына айырбастауға талап еткен жағдайда;

"беру және ауыстыру" - астық қолхаты бойынша астықты ішінара берген ж а ғ д а й д а ;

"жоғалту" - астық қолхатын жоғалтқан жағдайда;

"қалпына келтіру" - жаңа астық қолхатының көшірмесімен астыққа құқығын қ а л п ы н а к е л т і р г е н ж а ғ д а й д а ;

"тоқтату" - сақтау келісім-шартында көзделген мерзімде астық қабылдау кәсіпорнынан астық талап етілмеген жағдайда;

"соттың шешімі бойынша беру" - тиісті сот шешімі бар болған жағдайда.

## 8. Астық қолхатының жоғалуы немесе оның бөлінуі

46. Астық қолхатын немесе қандай да бір оның куәлігін жоғалтқан жағдайда, жоғалған астық қолхаты және оның куәліктері бойынша құқығын қалпына келтіру сот орындарында жүргізіледі.

47. Астық қолхатын немесе оның қайсы бір куәлігін жоғалтқан тұлға, бұл туралы астық қабылдау кәсіпорнына дереу жазбаша хабарлауға міндетті. Астық қабылдау кәсіпорны астықтың сақталу мерзімдері өткенге дейін астықты сақтауға міндетті және астықтың сақталу мерзімін іс сотта қаралған уақытқа ұзартуға құқылы.

48. Сақтау мерзімінің ұзартылуына байланысты астық қабылдау кәсіпорнының қосымша шығындары толықтай астық қолхатының немесе оның куәліктерінің жоғалғандығы мойындалған немесе жоғалғандығы жөнінде құқығын қалпына келтіруді жүзеге асырған тұлғаға қатысты болады.

Ауыл шаруашылығы министрінің  
2001 жылғы 11 қазандағы  
N 323 бұйрығымен бекітілген  
Астық қолхаттарын берудің,  
айналысының және жоюдың  
ережелеріне

қосымша

### Астық қолхаттарының тізілімі

#### Астық қабылдау кәсіпорнының атауы

!Қабылданған!АШМ ! Астық !Бе. !Ас. !Астық.!Да. !Сы.!Өнім !Сорт!Ре. !Егіс.  
! астыққа !коды!қолхаты!ріл.!тық.! ты !қыл.!нып!алын.! !про.!тік  
! арналған ! !бланкі.!ген !тың !сақтау!дар.! ! ған ! !дук.!стан.  
! жөнелтпе ! ! сінің !күні!иесі!шарты.!дың ! ! жыл ! !ция !дарт.  
! құжаттың ! !сериясы! !ФАӘ !ның !түр.! ! ! ! !ының  
! нөмірі ! ! мен ! ! !нөмірі!лері! ! ! ! !сыны.  
! ! ! нөмірі! ! ! мен ! ! ! ! ! !бы  
! ! ! ! ! ! күні ! ! ! ! ! ! !  
! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

— — — — —

— — — — —

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Есеп. !Ыл. ! Қоспалар ! Дән!Жұқ!Жыл! Та!Дей.! Дейін !Ерек!Алған!Астық  
 телген!ғал!\_\_\_\_\_! ма!тыр!тыр! би!інгі!сақтал! ше !кез. !қолха.  
 нақты !ды. !Арам-!дән!ңызы!ғыш!лығы! ғи !сақ! ғаны !бел. !дегі !тын  
 салма!лығы!шөпті! ді ! !тығы! !бол!тау ! үшін !гі. !астық!беру  
 ғы ! ! ! ! ! ! ! !мысы!мер!төленді!лері !иесі!туралы  
 ! ! ! ! ! ! ! !зімі! ! ! нің ! АҚК  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !қолы !жауап.  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !ты қыз.  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !метке.  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !рінің  
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !қолы

14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26

— — — — —

— — — — —

та б л и ц а н ы ң

с о ң ы

Жою !Жойыл.! Жоюға !Кепіл шарттары!  
 түрі! ған !жауапты!туралы мәлімет!  
 ! күн ! тұлға!\_\_\_\_\_!  
 ! ның !Сома !Тауарға !  
 ! қолы ! !кепілдік!  
 ! ! !құқық !  
 ! ! !белгі. !  
 ! ! !ленген !  
 ! ! !мерзім.!

! ! ! ! д е р !  
-----  
2 7 2 8 2 9 3 0 3 1

-----  
-----  
-----

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_